

Атбасар ауданы әкімінің 2014 жылғы 3 наурыздағы № 3 "Атбасар ауданында сайлау учаскелерін құру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Атбасар ауданы әкімінің 2018 жылғы 13 ақпандағы № 2 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 28 ақпанда № 6436 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Атбасар ауданы әкімінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 11 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Атбасар ауданы әкімінің 14.12.2018 № 11 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н .

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Атбасар ауданының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Атбасар ауданы әкімінің "Атбасар ауданында сайлау учаскелерін құру туралы" 2014 жылғы 3 наурыздағы № 3 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4053 тіркелген, 2014 жылғы 10 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін :

көрсетілген шешімнің қосымшасында 47.- жол алынып тасталсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

*Атбасар аудандық сайлау
комиссиясының төрағасы*

"13" ақпан 2018 жылы

А.Қалжанов

Т.Боранбаев